ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІ
ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ
МЕТРОЛОГИЯ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ ТЕХНИЧЕСКОГО
РЕГУЛИРОВАНИЯ И МЕТРОЛОГИИ
МИНИСТЕРСТВА ТОРГОВЛИ И
ИНТЕГРАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

2019ж 18 желтоқсан
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 351-ОД
город Нур-Султан

Стандарттаудың кейбір
мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Инветсициялар және даму министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 918 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, келісу, сараптама жасау, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, күшін жою және қолданысқа енгізу» қағидасының 25, 26, 40, 41 - тармақтарына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының «Құқықтық актілерді бекітудің кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 28 шілдедегі № 818 бұйрығының 1-тармағының 5), 7) тармақтарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Техникалық реттеу және метрология жөніндегі ғылыми-техникалық комиссиясының 2019 жылғы 5 қыркүйектегі № 11 хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының мынадай ұлттық стандарттары:

ҚР СТ «Газбен пісіруге арналған жабдық. Сақтандыру құрылғылары. 1-бөлім. Кіріктірме жалын басқышы бар құрылғылар».

ҚР СТ «Газбен пісіруге арналған жабдық. Сақтандыру құрылғылары. 2-бөлім. Кіріктірме жалын басқышы жоқ құрылғылар».

ҚР СТ «Көбіктенген каучуктан жасалған жылу оқшаулағыш бұйымдар. Техникалық шарттар».

ҚР СТ «Ғимаратты жылытуға және суытуға арналған электрлі компрессорлары бар ауа баптағыштар, сұйықтықты салқындатқыш агрегаттар және жылу сорғылары. 2-бөлім. Сынау шарттары».

ҚР СТ «Ғимаратты жылытуға және суытуға арналған электрлі компрессорлары бар ауа баптағыштар, сұйықтықты салқындатқыш агрегаттар және жылу сорғылары. 4-бөлім. Пайдалану талаптары, нұсқаулықтар және таңбалау».

ҚР СТ «Аударма қызметтері. Машиналық аударманы кейінгі өңдеп

000195

редакциялау. Талаптар».

ҚР СТ «Ауызша аударма қызметтері. Жалпы талаптар мен ұсыныстар».

ҚР СТ «Ақпараттық технология. Пайдаланушылардың үй-жайларында жалпы мақсаттағы сұлба бойынша кабельдер төсеу. 1-бөлім. Жалпы талаптар».

ҚР СТ «Ақпараттық технология. Пайдаланушылардың үй-жайларында жалпы мақсаттағы сұлба бойынша кабельдер төсеу. 2-бөлім. Кеңселік үй-жайлар» 2019 жылғы 1 шілдеден бастап бекітілсін және қолданысқа енгізілсін.

2. ҚР СТ «Қазақстан Республикасы Президентінің Байрағы.Техникалық талаптар» Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап бекітілсін және қолданысқа енгізілсін.

3. МАС біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің «Қарастыру» сатысына мынадай мемлекеттік стандарттар жобаларының алғашқы редакциялары орналдастырылсын:

ГОСТ «Нанотехнологиялар. Өнеркәсіптік нанообъектілер сипаттамаларын анықтау жөніндегі нұсқау».

ГОСТ «Нанотехнологиялар. Наноматериалдар. Қауіп-қатер менеджменті. 1-бөлім. Жалпы ережелер».

ГОСТ «Нанотехнологиялар. Наноматериалдар. Тәуекел менеджменті. 2-бөлім. Қауіп-қатерді басқару бойынша шешім қабылдау тәртібі».

4. ҚР СТ ISO/IEC 11801-2017 «Ақпараттық технологиялар. Телекоммуникациялық жүйелер пайдаланушыларының үй-жайларында жалпы мақсаттағы сұлба бойынша кабельдер төсеу» Қазақстан Республикасының ұлттық стандартының күші 2020 жылғы 1 шілдеден бастап жойылсын.

5. ҚР СТ 1.26-2006 «Стандарттау, сәйкестікті бағалау және аккредиттеу бойынша сарапшы-аудиторлар. Дайындық және сертификаттау тәртібі» Қазақстан Республикасының ұлттық стандартының күші осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап жойылсын.

6. Аталған бұйрықтың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының жетекшілік етуші орынбасарына жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің Төраға міндетін атқарушы **Ғ-Б. Мейірбаева**